

"2) Меморандумға сәйкес республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларды қоспағанда, инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды іріктеу және кредит беру, оның ішінде бірлесіп қаржыландыру";

"3) қайтарымды негізде қаржыландырылатын республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларға, сондай-ақ Меморандумға сәйкес мемлекеттік кепілдіктермен тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын жобаларға қызмет көрсету жөніндегі агенттің функцияларын орындау;

4) қайтарымды негізде қаржыландыруға ұсынылатын республикалық және жергілікті инвестициялық жобалардың, сондай-ақ мемлекеттік кепілдіктермен тартылатын қаражат есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жобалардың банк с а р а п т а м а с ы н жү р г і з у ;

5) Даму Банкі заемшыларының қаржылық жай-күйінің мониторингі және олардың Даму Банкі алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қ а б ы л д а у ;

Даму Банкі қызмет көрсететін республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларды, сондай-ақ мемлекеттік кепілдіктермен тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру мониторингі;"

5 - б а п т а :

4) тармақша "заем қаражатын" деген сөздерден кейін ", оның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерден заем қаражатын" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) заем қаражатын қоса алғанда, өтімділігі жоғары қаржы құралдарының ішкі және сыртқы рыноктарында Меморандумда белгіленген шекте және тәртіппен бос қ а р а ж а т т ы о р н а л а с т ы р у ғ а ;

5) тармақшада "Бағдарламаға енбейтін" деген сөздер "республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларды қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Даму Банкі акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыратын мемлекеттік орган:

өзінің қызметін құқықтық, мүліктік және қаржылық жағынан қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен Даму Банкінің өзара іс-қимылы процесін үйлестіреді және оған қатысады;

Даму Банкінің Меморандумды сақтауын бақылайды.";

7-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру мақсатында, Даму Банкінің заемдарын, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын есепке алу, Даму Банкінің басқа заемдарын есепке алу және Даму Банкі қызмет көрсететін инвестициялық жобаларға және экспорттық операцияларға сәйкес жасалған шарттарда (келісімдерде) көзделген Қазақстан

Республикасының резидент емес банктеріне төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін банк шоттарын ашу және жүргізу. Бұл орайда банк шоттарындағы ақша сомасы осы тармақшада көзделген олар бойынша жасалған операциялардың сомасынан артық болмауы тиіс;" .

8 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Даму Банкінің банк сараптамасын жүргізуі";

1-тармақта "Бағдарламаға енгізу үшін ұсынылатын" деген сөздер "осы Заңның 4 бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "жобаны Бағдарламаға енгізудің" деген сөздер "инвестициялық жобаны қайтарымды негізде қаржыландырудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік бюджет қаражаты немесе мемлекеттік кепілдікпен тартылатын мемлекеттік емес заем есебінен қайтарымды негізде қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаны қарау банк сараптамасының нәтижелері бойынша Даму Банкінің оң қорытындысы болған кезде заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады." ;

9 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Даму Банкінің республикалық және жергілікті бюджеттерден заемдар тартуы және пайдалануы";

1 - т а р м а қ т а :

"республикалық бюджеттің қаражатынан кредиттер алуы" деген сөздер " республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан заемдар алуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оларды Бағдарламаға енгізу жолымен" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Республикалық және жергілікті бюджеттерден тартылатын заемдарды Даму Банкі Меморандумға сәйкес іріктеуді өзі жүргізетін жобаларға кредит беру үшін пайдаланады" ;

1 0 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Даму Банкінің агент функцияларын орындауы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Даму Банкі агенттік қызмет көрсетуге өзі жасаған шарттарға сәйкес осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген инвестициялық жобалар бойынша агенттің функцияларын орындайды." ;

2-тармақта "Бағдарламаға енгізілген" деген сөздер "Даму Банкі агенті болып табылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "банк-" деген сөз алынып тасталсын, "Бағдарламаның жобаларын" деген сөздер "жобаларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 1 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Даму Банкі қызмет көрсететін инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингі" ;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Даму Банкі мониторингті көздеуі мүмкін агенттік қызмет көрсетуге арналған шарттарға сәйкес өзі қызмет көрсететін инвестициялық жобалардың мониторингін жүзеге асырады" ;

2) тармақтағы "Даму Банкінің жобаларды іске асыруға берген заемдары бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Даму Банкі жыл сайын агенттік қызмет көрсетуге арналған шарттарға сәйкес нәтижелердің жобалық техникалық-экономикалық көрсеткіштерге сәйкес келуіне баға бере отырып, инвестициялық жобаларды іске асыруға және қаржыландыруға талдау жүргізеді, экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға тиісті қорытынды береді." ;

1 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"жобаларға" деген сөздерден кейін "және экспорттық операцияларға" деген сөздермен толықтырылсын;

"проценттік ставканың" деген сөздер "сыйақы ставкасының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақтағы "басқа да әдістері" деген сөздерден кейін "Меморандумға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

1 3 - б а п т а :

1-тармақтағы ", шарт жасасу жолымен немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақтағы "азаматтық" деген сөз алынып тасталсын;

14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Даму Банкі Меморандумға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

1) оларды одан әрі сату мақсатында Даму Банкі бұрын кепілге ресімдеген заңды тұлғалардың қатысу үлесін немесе акцияларын өндіріп алған;

2) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар құратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысқан;

3) инвестициялық компаниялардың, сақтандыру ұйымдарының және лизинг беруші ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысқан жағдайларда басқа заңды

тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысады.";

15 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жеке тұлғаларға және қаржы институттарына - екінші деңгейдегі банктерге, кредиттік серіктестіктерге, мемлекеттік емес зейнетақы қорларына, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға, инвестициялық қорларға, сақтандыру ұйымдарына, лизинг беруші ұйымдарға және басқа да кредиттік ұйымдарға кредиттер, сондай-ақ олардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер беруге;"

2) тармақшадағы "2) және 3)" деген сандар "2), 3) және 5)" деген сандармен ауыстырылсын ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Заңда көзделген жағдайлардан басқа, ұйымдарға есептік-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, заңды тұлғалардың акцияларын сатып алуға;"

16 - б а п т а :

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Даму Банкінің жарғылық капиталы кемінде отыз миллиард теңгені құрайды және республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қалыптасады.

2. Даму Банкінің жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының үлесі Даму Банкінің құрылтай құжаттарымен айқындалады.

3. Даму Банкінің жарғылық капиталындағы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының әрқайсысының үлесі, егер құрылтай құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Даму Банкі тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде төленуге тиіс." ;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Даму Банкінің жарғылық капиталы Меморандумға сәйкес экспорттық операцияларға кредит беруден басқа, кредит беру мақсатына жіберілмейді және өтімділігі жоғары қаржы құралдарының ішкі және сыртқы рыноктарында, оның ішінде осы Заңның 14 бабына сәйкес акцияларды сатып алу үшін инвестицияланады.";

20 - б а п т а :

1) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген сөздер "бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ай сайын Даму Банкіне бюджеттің атқарылуы және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға республикалық бюджеттен бөлінген кредиттік ресурстардың игерілуі туралы есептілікті және тиісті жергілікті атқарушы органдарға - жергілікті бюджеттерден бөлінген кредиттік ресурстардың игерілуі туралы есептілікті".

21-баптың 2-тармағындағы "ұйыммен" деген сөз "(аудитормен) қаржы жылының

қорытындылары бойынша Даму Банкінің қызметіне аудит жүргізу туралы" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ